

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің "Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындық қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 12 шілдедегі № 350 және "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жинау, оларды жіберу және өтеусіз және өтеулі негіздерде оқыту, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ оқу мерзімдерін бекіту туралы" 2017 жылғы 17 шілдедегі № 357 бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 29 қазандағы № 1509 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 31 қазанда № 37296 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 350 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15861 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындық қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауды жоспарлауды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы жүзеге асырады.

Өтеусіз және өтеулі негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау бағдарламасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының бұйрығымен бекітіледі.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Көлік құралын басқаруға байланысты мамандықтар бойынша даярлауға жіберілген әскерге шақырылушылар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-172/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21557 болып тіркелген) Көлік құралдарын басқару құқығын алуға үміткер адамды медициналық қарап-тексеруден, механикалық көлік құралдары жүргізушісін қайта медициналық қарап-тексеруден өткізу қағидаларына сәйкес медициналық қарап-тексеруден өтеді.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Оқу бітіру емтиханын табысты тапсырған, өтеулі негізде оқыған әскерге шақырылушыларға (әскери міндеттілерге) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан

бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымында оқуды бітіргені туралы сертификат (бұдан әрі – оқуды бітіргені туралы сертификат) беріледі.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Оқу бітіру емтиханында "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған әскерге шақырылушыларға (әскери міндеттілерге) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебін бітіргені туралы куәлік не оқуды бітіргені туралы сертификат берілмейді.";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Әскери-есептік мамандықты оқуды бітіргені туралы сертификатқа және алынған мамандыққа сәйкес ЖЭБО айқындайды.";

5-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жинау, оларды жіберу және өтеусіз және өтеулі негіздерде оқыту, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ оқу мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 357 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15517 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жинау, оларды жіберу және өтеусіз және өтеулі негіздерде оқыту, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қағидалары, сондай-ақ оқу мерзімі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

5. Осы бұйрық мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

Д. Косанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2025 жылғы 29 қазандағы
№ 1509 бұйрығына
1-қосымша
Әскери-техникалық және өзге де
мамандықтар бойынша
дайындық қағидаларына
5-қосымша
Нысан

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің мамандандырылған ұйымында оқуды
бітіргені туралы сертификат**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ



Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
мамандандырылған ұйымында
оқуды бітіргені туралы
сертификат

Сертификат
об окончании обучения
в специализированной организации
Министерства обороны
Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
№ А 000001 СЕРТИФИКАТ

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

берілді

ол 20__ ж. «__»__ бастап 20__ ж. «__»__ дейінгі
кезеңде

(мекеменің атауы)

жанындағы

(курстың атауы)

(мамандықтың атауы)

мамандығы бойынша бітірді

Филиал директоры

(қолы, инициалы, тегі)

Хатшы:

(қолы, инициалы, тегі)

20__ ж. «__»__

М.О.

Министерство обороны Республики Казахстан
СЕРТИФИКАТ № А000001

Выдан

(фамилия, имя, отчество (при его наличии))

в том, что он окончил

(наименование курсов)

при

(наименование учреждения)

в период с «__»__ 20__ г. по «__»__ 20__ г.

по специальности

(наименование специальности)

Директор филиала

(подпись, фамилия и инициалы)

Секретарь:

(подпись, фамилия и инициалы)

«__»__ 20__ г.

М.П.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2025 жылғы 29 қазандағы
№ 1509 бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жинау, оларды жіберу және өтеусіз және өтеулі негіздерде оқыту, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қағидалары, сондай-ақ оқу мерзімі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жинау, оларды жіберу және өтеусіз және өтеулі негіздерде оқыту, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар), сондай-ақ оқу мерзімі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарына (бұдан әрі – мамандандырылған ұйым) әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жинау, оларды жіберу және өтеусіз және өтеулі негіздерде оқыту, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру тәртібін, сондай-ақ оқу мерзімін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жұмылдыру ресурсы автоматтандырылған жүйесінің интеграциялық шлюзі" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "ҚР ҚМ ЖРАЖ ИШ" АЖ) – әскери есепке алуды автоматтандыруға және мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған ақпараттық жүйе;

2) оқу-материалдық база – мамандықтар бойынша әскери-техникалық және өзге де мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін материалдық және техникалық құралдар, ғимараттар мен құрылысжай кешені;

3) өзіндік даярлық – оқып-үйренуші құрамның мамандық бойынша теориялық білім деңгейін, педагогикалық шеберлігін арттырудың негізгі әдісі.

3. Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді әскери-техникалық және өзге де әскери мамандықтар бойынша оқыту Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қажеттілігіне сәйкес мамандандырылған ұйымдарда өтеусіз негізде және оқытуға арналған шығысты толық немесе ішінара өтеумен өтеулі негізде жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери-техникалық және өзге де мамандарға қажеттілігіне сәйкес алдағы күнтізбелік жылға:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті жылға арналған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымында өтеусіз негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау жоспарын (бұдан әрі – өтеусіз негізде даярлау жоспары);

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті жылға арналған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымында өтеулі негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау жоспарын (бұдан әрі – өтеулі негізде даярлау жоспары) әзірлейді.

5. Алдағы күнтізбелік жылға арналған өтеусіз және өтеулі негізде даярлау жоспарын ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітеді және жоспарлы кезеңге арналған шығысты жоспарлау және жұмысты ұйымдастыру үшін мамандандырылған ұйымға, жергілікті әскери басқару органына (бұдан әрі – ЖӘБО) және бюджеттік бағдарлама іс-шарасына жауапты орындаушыларға жеткізіледі.

6. Бекітілген өтеулі негізде даярлау жоспары "ҚР ҚМ ЖРАЖ ИШ" АЖ-ға енгізіледі.

7. Мамандандырылған ұйымды жасақтау аумақтық және эксаумақтық қағидат бойынша жүргізіледі.

8. Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілер осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық куәландыру картасы бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 716 бұйрығымен бекітілген Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21869 болып тіркелген) және Әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережеге және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 722 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет өткеру үшін адамдар денсаулық жағдайына қойылатын талаптарға сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21863 болып тіркелген) медициналық куәландырудан өтеді.

9. Осы Қағидаларда:

- 1) әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді оқыту мерзімі;
- 2) әскерге шақырылушыларды қабылдау және өтеусіз негізде оқуға жіберу;
- 3) әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді қабылдау және өтеулі негізде оқуға жіберу;
- 4) оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру;
- 5) мемлекеттік қызметті көрсету мәселесі бойынша лауазымды адамның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі;
- 6) құжаттардың нысандары және оларды жүргізу тәртібі көзделеді.

2-тарау. Әскерге шақырылушыларды қабылдау және өтеусіз негізде даярлауға жіберу тәртібі

10. Өтеусіз негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды, он жеті жас алты

айдан жиырма алты жасқа дейінгі, даярлықты бітіргеннен кейін мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын немесе жұмылдыру резервіне алынатын азаматтар тартылады.

Даярлауға қабылдауды ЖӘБО негізгі орта және одан жоғары білімі бар әскерге шақырылушылар қатарынан жүргізеді. Әскерге шақырылушыларды оқуға іріктеу кезінде бұрын алған мамандығы да ескеріледі.

11. Әскерге шақырылушыларды оқуға іріктеу оқу сабағы басталғанға дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей аяқталады.

12. Даярлауға іріктеліп алынған әскерге шақырылушылар оқудың басталуына қарай ЖӘБО өкілінің бірге жүруімен осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада жасалған өтеусіз негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға іріктеліп алынған әскерге шақырылушылардың атаулы тізімі бойынша (бұдан әрі – атаулы тізім) мамандандырылған ұйымға беріледі.

Атаулы тізімнің бірінші данасы және медициналық куәландыру картасы мамандандырылған ұйымға беріледі, атаулы тізімнің екінші данасы ЖӘБО-да сақталады.

Он жеті жас алты айдан он сегіз жасқа дейінгі әскерге шақырылушылардың атаулы тізіміне өтеусіз негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқуға шарт жасауға олардың заңды өкілінің келісімі қоса тіркеледі.

13. Әскерге шақырылушыларды оқуға қабылдау атаулы тізім негізінде мамандандырылған ұйым басшысының не оның орнында болатын адамның бұйрығымен жүргізіледі.

14. Әскерге шақырылушылар оқу бітіргеннен кейін ЖӘБО өкілдерінің бірге жүруімен тұрақты (уақытша) тұратын жеріне кетеді.

15. Әскерге шақырылушыларды ЖӘБО-дан мамандандырылған ұйымға және кері қарай жеткізу шығысы өтеусіз негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқыту құнының калькуляциясына қосылады.

16. Әскерге шақырылушылар үлгермеушілігі, тәртіпсіздігі, сондай-ақ өз қалауы бойынша мамандандырылған ұйымнан шығарылған жағдайда оқытуға жұмсалған шығынды жасалған шартқа сәйкес, ал бас тартқан жағдайда сот тәртібінде әскерге шақырылушылар өтейді.

17. ЖӘБО жыл сайын 30 маусымға және 31 желтоқсанға қарай (көктемгі және күзгі әскерге шақыру кезеңі аяқталғаннан кейін) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабына осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымында даярланған әскери-техникалық және өзге де мамандар, бар кемшіліктер және оларды жою бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат ұсынады.

18. Оқыту процесінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас әскери-медициналық басқармасы әскери-емдеу мекемелері арқылы

оқып-үйренушілерді қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді және емдеуді жүзеге асырады.

3-тарау. Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді қабылдау және өтеулі негізде даярлауға жіберу тәртібі

19. Өтеулі негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға:

денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды әскери міндеттілер;

жиырма төрт жастан жиырма жеті жасқа дейінгі, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды немесе шектеулі жарамды, оның ішінде әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылған әскерге шақырылушылар тартылады.

20. Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді қабылдау және өтеулі негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу:

әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу үшін кезекке қою;

әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу мемлекеттік қызметін көрсету тәртібінде жүзеге асырылады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі "ҚР ҚМ ЖРАЖ ИШ" АЖ-ны пайдаланып, ЖӘБО (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) арқылы көрсетеді.

21. "Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу үшін кезекке қою" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілер (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы өтініш береді.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішке осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық куәландыру картасының электрондық көшірмесін тіркейді. Медициналық куәландыру картасы әскери қызметке жарамдылық дәрежесі туралы қорытындыны алған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде жарамды.

Өтінішті ресімдеу алдында портал көрсетілетін қызметті алушының жасы (24 жастан асқан) және жынысы бойынша белгіленген талаптарға сәйкес келуін тексереді. Көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, көрсетілетін қызметті алушы оқу кезеңін және оқығысы келетін мамандандырылған ұйымды таңдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасы, нысаны, мазмұны мен нәтижесі қамтылатын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

, сондай-ақ оны көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы және тұрғылықты жері немесе уақытша болатын жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күнін көрсетіп, өтініштің қабылданғаны туралы не көрсетілетін қызметті алушы толық емес және (немесе) жарамдылық мерзімі өткен құжаттоптамасын ұсынған кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші құжат түскен күні оны қабылдау, тіркеу және орындау үшін орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Орындаушы құжат топтамасының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін қарауды, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін басшыға қол қойғызуға дайындауды 1 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады (өтініш пен құжаттар қабылданған күн қызмет көрсету мерзіміне кірмейді).

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу үшін кезекке қою туралы хабарлама не осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама болып табылады.

22. Кезекті оқыту күні басталғанға дейін 12 жұмыс күні бұрын көрсетілетін қызметті беруші 1 жұмыс күні ішінде кезекте тұрған көрсетілетін қызметті алушылардың әскерге шақырылушы немесе әскери міндетті ретінде әскери есепте тұруын тексеруді жүзеге асырады.

Тексерілуші әскери есептен шығарылған не алып тасталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші әскерге шақырылушы немесе әскери міндетті болып табылмайтын көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу кезегінен шығарылғаны туралы хабарлама жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының әскерге шақырылушы немесе әскери міндетті ретінде әскери есепте тұруы расталғанда көрсетілетін қызметті беруші оның ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөміріне және "электрондық үкімет" порталындағы пайдаланушының жеке кабинетіне осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқу үшін ақы төлеу қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

23. "Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді әскери-техникалық және басқа да мамандықтар бойынша даярлауға жіберу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі

көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөмірі проактивті форматта порталға тіркелген кезде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу үшін кезекте тұрған көрсетілетін қызметті алушыға беріледі.

Абоненттік нөмірді порталдың есептік жазбасына қосу Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 25 қаңтардағы № 58 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13195 болып тіркелген) Ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы электрондық нысанда мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерді алу үшін ұялы байланыс операторы беретін абоненттің абоненттік нөмірін тіркеу және оны "электрондық үкіметтің" веб-порталының есептік жазбасына қосу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасы, нысаны, мазмұны мен нәтижесі қамтылатын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі, сондай-ақ оны көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде жазылған.

Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқу үшін ақы төлеу қажеттілігі туралы хабарлама алған көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 22-тармағында көзделген тәртіппен "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы мамандандырылған ұйымның есеп шотына ақша қаражатын аудару арқылы оқу үшін ақы төлейді.

"ҚР ҚМ ЖРАЖ ИШ" АЖ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзінен жауап алғаннан кейін автоматты түрде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

"электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы оқуға ақы төленгені расталғанда осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу;

2 жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" төлем шлюзінен ақы төленгені расталмағанда осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу кезегінен шығарумен проактивті қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтеулі негізде даярлау жоспарында көрсетілген оқыту күні басталғанға дейін 6 жұмыс күні бұрын кейіннен кезекке тұрған көрсетілетін қызметті алушылар бойынша Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген іс-шараларды жүргізеді.

24. Оқуға жіберілген көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінде алынған әскери-техникалық

және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жолдамада көрсетілген уақытта мамандандырылған ұйымға өздері келеді.

25. Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді оқуға қабылдау даярлауға жолдама негізінде мамандандырылған ұйым басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

Мамандандырылған ұйым басшысының бұйрығы шыққаннан кейін оқу взводтарын толық жасақтауға тек бұрын оқыған және денсаулық жағдайы бойынша оқудан шығарылған әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілер сауыққаннан кейін өзі өтініш берген жағдайда жол беріледі.

26. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына және ЖӘБО-ға жібереді.

4-тарау. Оқыту және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру тәртібі

27. Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді мамандандырылған ұйымда оқыту Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары жалпыәскери жарғыларының талаптарын ескеріп ұйымдастырылады.

28. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды оқыту барлық оқу кезеңі бойы құрамы тұрақты болып қалатын, саны 10 адамнан аспайтын оқу бөлімшелерінен тұратын саны 30 адамнан аспайтын оқу взводтарында ұйымдастырылады.

Әрбір оқу бөлімшесінде оқып-үйренушілер қатарынан үлкені тағайындалады.

29. Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді оқыту Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес мамандандырылған ұйым мен оқып-үйренуші арасында жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады.

Оқу кезеңінде әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілер далалық киім-кешекпен (маусым бойынша) қамтамасыз етіледі, үш мезгіл тамақтанып және монша-кір жуу қызметі көрсетіліп, тәулік бойы казармада тұрады, ол әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау құнына кіреді.

30. Оқытудың негізгі нысандары:

- 1) теориялық сабақ;
- 2) зертханалық және практикалық сабақ;
- 3) практикалық сабақ (жаттықтыру);
- 4) далалық жорық болып табылады.

Көрсетілген оқыту нысандары оқытушының (өндірістік оқыту шеберінің) жетекшілік етуімен оқу пәндері бойынша теориялық білімді меңгерту, бекіту және

оқып-үйренушінің зерделенетін қару-жарақ пен техниканы қолдану шеберлігі мен дағдысын пысықтау мақсатында жүргізіледі.

Оқытуды ұйымдастыру үшін қажетті жоспарлау, есепке алу, ақпараттық және есеп беру құжаттарын мамандандырылған ұйым әзірлейді.

31. Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді үлгермеушілігі, тәртіпсіздігі, денсаулық жағдайы бойынша (растайтын құжаттары мен медициналық көрсеткіштері болса), сондай-ақ өз қалауы бойынша мамандандырылған ұйымнан шығару мамандандырылған ұйым басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

Жалпы ұзақтығы 40 академиялық сағаттан астам сабақта болмаған кезде әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді тәртіпсіздігі немесе денсаулық жағдайы бойынша филиалдан шығаруға жол беріледі.

32. Тәрбие жұмысы іс-шараларын ұйымдастыру мен жүргізу және әскерге шақырушылар мен әскери міндеттілерге әскери-патриоттық тәрбие беру жөніндегі мақсатқа бағытталған жұмысты мамандандырылған ұйымның және оның жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру жөніндегі орынбасары (инспектор) қамтамасыз етеді.

Жұмысты ұйымдастыру үшін тәрбие, әлеуметтік-құқықтық және идеологиялық жұмыс жоспары жасалады.

33. Мамандандырылған ұйымда тәрбие жұмысы және әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерге әскери патриоттық тәрбие беру сабақ кестесінде көзделген сағатта, сондай-ақ күн тәртібінде көзделген сабақтан тыс уақытта жүргізіледі.

34. Әскери-техникалық және өзге де мамандарды даярлауды ұйымдастыруды жоспарлау алдағы күнтізбелік жылға арналған өтеусіз және өтеулі негізде даярлау жоспарынан үзінді алынған сәттен басталады және кейіннен ағымдағы жылғы 25 желтоқсанға дейін іске асыру үшін орындаушыларға жеткізумен аяқталады.

35. Мамандандырылған ұйымның басшысы күнтізбелік жыл басталар алдында алдағы жылға әскери-техникалық және өзге де мамандарды даярлауды ұйымдастыру туралы бұйрық шығарады, онда:

1) мамандандырылған ұйымның алдағы жылда әскери-техникалық және өзге де мамандарды даярлау жөніндегі негізгі міндеттері;

2) алдағы жылда оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру;

3) оқытушылармен (өндірістік оқыту шеберлерімен) оқу-әдістемелік сабақ (жиын) өткізу мерзімі;

4) ішкі тәртіпті ұйымдастыру;

5) жеке құрамға аумақты және оқу-материалдық база объектілерін бекітіп беру;

6) күн тәртібі;

7) педагогикалық кеңес құрамы;

8) ішкі тексеру комиссиясының құрамы;

9) қызметкерлерді аттестаттау және сыйақы беру жөніндегі комиссияның құрамы;

10) еңбек дауы жөніндегі келісім комиссиясы;

11) жол-көлік оқиғасының, жарақаттанудың алдын алу, өрт және экология қауіпсіздігі жөніндегі комиссия құрамы;

12) оқу-тәрбие процесіне қатысты мәселелер көрсетіледі.

36. Оқу жұмысы мамандандырылған ұйымның әскери-техникалық және өзге де мамандар даярлау жөніндегі қызметінің негізгі түрі болып табылады. Оқу процесі әскери-техникалық және өзге де мамандар даярлау бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады, ол әскери-техникалық және өзге де мамандар даярлаудың ұйымдастырылуын, идеялық-теориялық және іс жүзіндегі мазмұнын, сондай-ақ олар әскери-техникалық мамандық бойынша алатын теориялық білімнің, іс жүзіндегі дағдының ауқымын айқындайды.

37. Сабақтың басталу және аяқталу уақыты, үзілістің ұзақтығы күн тәртібімен белгіленеді.

38. Негізгі есепке алу құжаттары:

- 1) сабақ пен тәрбие жұмысын есепке алу журналы;
- 2) практикалық жұмыс пен көлік жүргізу есепке алынатын жеке кітапша;
- 3) әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілердің қолданыстағы агрегатта жұмыс істеуін есепке алу журналы (карточкасы);
- 4) қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау беруді есепке алу журналы;
- 5) педагогикалық кеңес отырысының хаттамалары кітабы болып табылады.

39. Оқу взводының сабағы мен тәрбие жұмысын есепке алу журналы әскери-техникалық және өзге де мамандарды оқу пәндері бойынша даярлау бағдарламасының орындалуын, оқу взводында тәрбие жұмысының жүргізілуін, әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілердің үлгерімі мен сабаққа қатысуын көрсететін негізгі құжат болып табылады.

40. Негізгі есеп беру құжаттары:

- 1) бітіру емтихандары хаттамалары;
- 2) емтихан комиссиясының актілері;
- 3) бітіру емтихандарының қорытындысы бойынша бұйрықтар болып табылады.

41. Оқу-жаттығу материалдық базаның негізгі элементтері:

1) оқу-жаттығу қару-жарағы мен әскери техникасы, зертхана жабдығы, оқу-жаттығу құралдары, компьютерлік техника, техникалық оқыту құралдары, аспап, көрнекі құралдар мен өзге де мүлік;

2) дәрісхана (дәріс залы), сынып, кабинет, зертхана, кітапхана, оқытушылар бөлмесі, зертханашылар бөлмесі, каруды, әскери-техникалық мүлікті сақтауға арналған бөлме және өзге де үй-жай;

3) арнайы оқу-жаттығу кешені, оқу-жаттығу қалашығы (оқ ату, инженерлік, радиополигон), автоайлақ, атыс тирі, саптық плац, спорт қалашығы және жалпыәскери және арнайы даярлық жөніндегі бағдарламаларды пысықтау үшін арналған өзге де объектілер;

4) оқу-жаттығу шеберханасы, автомобиль гаражы, парк элементтері, әскери техниканы, қаруды, аспапты, әскери оқу-жаттығу және өзге де мүлікті сақтауға арналған қойма;

5) оқулықтар мен оқу құралдары, оқу-әдістемелік құжаттар мен өзге де материалдық және техникалық құралдар.

42. Мамандандырылған ұйым қажет болған кезде оқу процесінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери бөлімдерінің, әскери оқу орындары мен мекемелерінің далалық оқу-жаттығу базасын пайдаланады.

5-тарау. Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқыту мерзімі

43. Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқыту мерзімі:

1) өтеусіз негізде – оқу кезеңіне кіретін демалыс және мереке күні санын ескеріп, күнтізбелік 90 күннен 100 күнге дейін;

2) өтеулі негізде – оқу кезеңіне кіретін демалыс және мереке күні санын ескеріп, күнтізбелік 40 күннен 46 күнге дейін деп белгіленеді.

Оқып-үйренушілер саны мен оқыту кезеңі осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес әзірленетін өтеусіз және өтеулі негізде даярлау жоспарында белгіленеді.

44. Мамандандырылған ұйым басшысының оқуға қабылдау және одан шығару немесе оқуды аяқтау туралы бұйрығы шығарылған күн оқудың басталуы және аяқталуы болып саналады.

Бұйрық жобасы "ҚР ҚМ ЖРАЖ ИШ" АЖ-да әзірленіп, электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылады.

Басшының қолжазба қолтаңбасы қойылып, басылып шығарылған бұйрықтар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15997 болып тіркелген) Сақтау мерзімін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесіне сәйкес сақталуға тиіс.

6-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселесі бойынша лауазымды адамның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану

45. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мәселесі бойынша шағымды шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды адамға береді.

